

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫТУШЫЛАР МЕН СТУДЕНТТЕР!

Жаңа оқу кезеңінің басталуына орай, Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің оқытушылары мен студенттерінің Ар-намыс кодексінің маңызды тармақтарымен танысуларыңызды сұраймыз.

МИТУ оқытушысына

- Әрбір қызметкер Университеттің бекітілген басқару стратегиясын қолдап, корпоративтік мақсаттарға қол жеткізуге жауапкершілікпен қарап, университеттің нәтижелілігін арттыруға үлес қосуы тиіс. **Оқытушы студенттерге қатысты мына әрекеттерге жол бермеуі керек:**
- Студенттердің ар-намысын таптау;
- Сабақ барысында саяси немесе діни үгіт-насихат жүргізу;
- Этикалық нормаларды бұзу;
- Қоғамда қалыптасқан сыртқы келбет пен киім үлгісіне қайшы киіну.

Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінің профессорлық-оқытушылық құрамы мен қызметкерлерінің Ар-намыс кодексінің толық нұсқасымен келесі сілтеме арқылы таныса аласыздар: <https://metu.edu.kz>

МИТУ студентіне

- Білім беру бағдарламасына сәйкес оқу материалдарын меңгеріп, барлық тапсырмаларды белгіленген мерзімде толық орындау;
- Бақылау түрлерін оқу жоспарына сәйкес уақытында тапсыру;
- Студенттің сыртқы келбеті мен киімі жалпы қабылданған нормаларға сай болуы тиіс;
- Оқытушыларға «Сіз» деп сыпайы түрде сөйлеу;
- Оқытушыларға қатысты Студенттің этикалық кодексін сақтау;
- Оқытушылармен және қызметкерлермен қарым-қатынаста тым еркін (фамилльярлы) сөйлеуге жол берілмейді;
- Бейәдеп сөздер мен сөйлемдерді қолдануға тыйым салынады;
- Сабақ кезінде ұялы телефонның дыбысы сөндірулі күйде болуы керек. Мұндай жағдайда телефонмен сөйлесуге тырысу – этика мен тәртіптің өрескел бұзылуы болып есептеледі;
- Оқу ақысын шартқа сәйкес уақытылы төлеу.

Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті студентінің Ар-намыс кодексінің толық нұсқасымен келесі сілтеме арқылы таныса аласыздар: <https://metu.edu.kz>